

Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 сәуір N 401. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1221 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.19 № 1221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін тұрақты халықаралық және ішкі авиабағыттарда бәсекелестікті одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесі бекітілсін.

2. "Ішкі және халықаралық авиажелілерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған жүйелі авиарейстерді орындау құқығына ашық тендерлер өткізудің тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 тамыздағы N 1239 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 3 сәуірдегі

N 401 қаулысымен

бекітілген

Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсету үшін авиабағыттарға конкурс өткізу және куәліктер беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) :

белгілі бір авиабағытта жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдау жөнінде тұрақты авиарейстерді орындау құқығына авиакомпаниялар үшін конкурс ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттары мен мерзімдерін; авиабағыттарға арналған куәлікті берудің және қайтарудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Конкурс қаржылық негіздеме ұсынатын әрі әуе кемелерін резервке қою және техникалық сүйемелдеу жөніндегі қажетті талаптардың орындалуын, жолаушылар үшін тиісті сервис деңгейімен қауіпсіз тасымалдау шарттарын және белгілі бір авиабағытта тұтынушылар үшін тиімді жағдайды қамтамасыз ете алатын авиакомпанияны анықтау мақсатында өткізіледі.

Конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша қызметінің қаржылық нәтижелері, әуе кемелері паркінің болуы және ұшу қауіпсіздігі жай-күйі туралы берілген құжаттардың, сондай-ақ ол ұсынған конкурстық ұсыныстардың негізінде белгілі бір бағытта тұтынушылар үшін қауіпсіз және тиімді шарттармен тұрақты рейстердің орындалуын қамтамасыз ете алатын авиакомпания конкурсты ұтты деп танылады.

3. Конкурсты өткізудің бастамашысы (ұйымдастырушысы) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) болады.

4. Конкурсқа осы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес келетін авиакомпания қатыса алады.

5. Конкурсқа жекелеген авиабағыттар да, авиабағыттардың пакеттері де ұсынылуы мүмкін.

6. Конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) авиабағыттарды пайдалануға арналған куәлік алады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

6-1. Егер конкурсқа шығарылатын бір авиабағыт (авиабағыттар пакеті) бойынша осы Ережеде белгіленген біліктік талаптарына жауап беретін және осы Ереженің 13-тармағында көзделген конкурсқа қатысу үшін құжаттар ұсынған кемінде екі конкурсқа қатысушы өтінім берсе, конкурс өтті деп танылады.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен.

2. Конкурстық комиссияны құру, оның негізгі міндеттері мен қызметтері

7. Конкурстың өткізілуін қамтамасыз ету және жеңімпазды (жеңімпаздарды) анықтау үшін конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі - комиссия), оның құрамы өкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамына басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуларын және жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаны тасымалдануын қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласындағы с а р а п ш ы л а р к і р е а л а д ы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

8. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ және бес адамнан кем б о л м а у ы т и і с .

9. Комиссия қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын қабылдайды және карайды, конкурсты өткізеді және жеңімпаздарды белгілейді.

3. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар

10. Осы Ережеге сәйкес конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарға жауап беретін, өтініш пен басқа да қажетті құжаттарды уақытылы тапсырған а в и а к о м п а н и я л а р ж і б е р і л е д і .

11. Конкурсқа қатысу үшін авиакомпаниялар мынадай біліктілік талаптарына с а й б о л у ы т и і с :

1) Қазақстан Республикасында тіркелген және тұрақты халықаралық және (немесе) ішкі әуе тасымалдарын жүзеге асыруға пайдаланушы сертификаты мен лицензиясы бар авиакомпания болып табылуы;

2) бір сыныпқа жататын саны кемінде екі әуе кемесінен тұратын әуе паркінің болуы, олар уәкілетті орган белгілеген авиабағытты пайдалану шарттарына сай б о л у ы т и і с ;

3) пайдалану сәтінен бастап алынуы болжанатын кірісті есепке алмағанда бір ай мерзімде авиабағыт бойынша ұсынылған кестеге сәйкес, ұшуды қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде ұлттық немесе шетел валютасындағы қаржы қ а р а ж а т т а р ы б о л у ы ;

4) Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес орындау мерзімі өзгертілген немесе тоқтатылған салық міндеттемелерін қоспағанда, салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджет алдында берешегі болмауы;

5) халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО) тіркелгені және кодтарға ие болғаны туралы куәлігі болуы;

6) авиатасымалдарды броньдау және сатудың автоматтандырылған

жүйелерінің бірінде орындар ресурсын орналастыру және жүргізуге арналған
к е л і с і м н і ң б о л у ы .

Ескерту. 11-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.09.25 N 1052,
2004.01.07 N 12 қаулыларымен.

12. Халықаралық тұрақты рейстерді орындау үшін авиакомпанияның 11-
тармақта көрсетілген талаптарға қосымша Халықаралық әуе көлігінің
қауымдастығы (ИАТА) берген коды болуы тиіс.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12
қаулысымен.

13. Конкурсқа қатысу үшін комиссияның атына мынадай құжаттарды ұсыну
қ а ж е т :

- 1) конкурсқа қатысу үшін белгіленген нысандағы өтініш (1-қосымша);
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің көшірмесі;
- 3) азаматтық әуекемелерін пайдаланушы сертификатының көшірмесі;
- 4) жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаның тұрақты әуе тасымалдарын
орындауға арналған лицензияның көшірмесі;
- 5) сақтандырудың міндетті түрлерінің бар екенін растайтын сақтандыру
полистерінің (шарттарының) көшірмесі;
- 6) әуе кемелерінің паркі туралы мәліметтер (олардың үлгілері, саны, борттық
тіркеу нөмірлері, олардың техникалық жай-күйі бойынша мәліметтер әуе
кемелерінің ұшу жарамдығын қолдау жөнінде жүргізілетін іс-шаралар);
- 7) авиатасымалдарды броньдау және сатудың автоматтандырылған жүйесінде
ресурстарды орналастыру туралы келісімнің көшірмесі;
- 8) халықаралық бағыттар үшін ИКАО-да авиакомпанияның тіркелгені туралы
куәліктердің және ИАТА-да берілген кодты алғаны туралы жазбаша
растамалардың көшірмелері;
- 9) қатаң есептегі бланкілерінің үлгілері (тасымалдау құжаттарының үлгілері);
- 10) пайдалану кезеңінен бастап алынуы болжанатын кірісті есепке алмағанда,
бір ай мерзімде авиабағыт бойынша ұсынылған кестеге сәйкес есепшотта ұшуды
қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде ұлттық немесе шетел валютасымен
қаржы қаражатының болуы туралы банк анықтамасы;
- 10-1) бір ай ішінде авиабағыт бойынша ұсынылатын кестеге сәйкес
жоспарланатын жүктемені ескере отырып, ұшуларды орындауға арналған
шығыстардың есептемелері;
- 11) заңды тұлғаның тіркелу орны бойынша салық органынан бюджет алдында
берешегі жоқтығы туралы анықтама;
- 12) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен.
- 13) заңды тұлғаның тіркелуі орны бойынша салық органы қабылдаған соңғы
бухгалтерлік теңгерімнің көшірмелері;

14) акционерлік қоғам акцияларын орналастыру туралы соңғы тіркелген есептің көшірмесі. Қосымша эмиссияны жариялаған жағдайда, акционерлік қоғамның акциялары эмиссиясының проспектісін тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және орналастыру туралы есеп тіркелген сәтке дейін жарғы капиталының өсуін растайтын төлем құжаттарының көшірмелері беріледі.

15) халықаралық және ішкі тұрақты ұшуларды орындаудың және болжамды бағыттар бойынша жекелеген де, түйістірілген де авиабағыттардың таңдап алынған желісін дамытудың бөлек қысқа мерзімді (бір жылғы) және ұзақ мерзімді (үш жылғы) бизнес жоспарлары;

16) жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті және почтаны конкурсқа шығарылатын авиабағыттар бойынша тасымалдауды ұйымдастырудың негізгі шарттары мен талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі конкурстық ұсыныстар.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

14. Конкурсқа қатысу үшін талап етілетін құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде бір данада тігілген түрде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

15. 13-тармақтың 10)-16) тармақшаларында көрсетілген құжаттар "конкурста ғана ашылсын" деген жазумен жеке жабылған пакетте беріледі.

4. Ашық конкурс өткізуді ұйымдастыру

16. Конкурс, осы Ереженің 25-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жылына екі рет, күзгі-қысқы навигация (қазанның соңғы жексенбісі) және көктемгі-жазғы навигация (наурыздың соңғы жексенбісі) басталғанға дейін алдын ала жүргізіледі. Уәкілетті орган конкурс өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін комиссия конкурсқа ықтимал қатысушыларды жазбаша хабардар ету жолымен немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы конкурс өткізілгенге дейін 30 күнтізбелік күннен (конкурсты қайта өткізу жағдайында - 15 күнтізбелік күннен) кешіктірмей конкурстың негізгі шарттарын және оның өткізілу мерзімдерін жариялайды.

Ескерту. 16-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулыларымен.

17. Комиссия ықтимал қатысушылар үшін конкурсқа шығарылатын авиабағыттар бойынша жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почта тасымалдарын ұйымдастырудың негізгі шарттары мен талаптарын қамтитын конкурстық құжаттардың пакетін, сондай-ақ ашық конкурсты өткізу тәртібі

туралы нұсқаулықты, қызметінің қаржылық нәтижелерінің бағалауын, ұшулардың қауіпсіздік жағдайы мен әуе кемелерінің паркін, уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін ұсынылған конкурстық ұсыныстарды және бір авиабағыттағы жеңімпазды немесе бірнеше жеңімпазды анықтауды дайындайды.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

18. Комиссия конкурсты өткізудің мерзімдері мен орнын жариялағаннан кейін конкурсқа қатысуға тілек білдіргендер уәкілетті органның мекен-жайына қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтінім мен конкурстық ұсыныстарды ұсынуға міндетті .

19. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау конкурсты өткізу күнінен бір жұмыс күні бұрын аяқталады .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

20. Біліктілік талаптарына сай емес және/немесе осы Ереженің 13-тармағында көзделген құжаттарды түгел ұсынбаған қатысушылардың өтінімдерінен конкурстық комиссия бас тартады, оларды бағаламайды және салыстырмайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

21. Өтінімдері қарауға қабылданудан бас тартылған өтінім берушілерді комиссия бұл туралы себебін көрсете отырып конкурстық комиссия мәжілісі басталған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12, 2010.02.02 № 61 Қаулыларымен.

5. Ашық конкурсты өткізу тәртібі, конкурстық ұсыныстарды бағалау және жеңімпазды (жеңімпаздарды) анықтау

22. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін қарауға қабылданған конкурстық ұсыныстарды бағалайды әрі салыстырады және конкурс жеңімпазын (жеңімпаздарын) мына өлшемдерді ескере отырып, анықтайды:

ұсынылатын қызметтердің сапалық сипаттамаларын;
біліктілік негіздерін, беделін, сенімділігін, авиабағытта тұрақты авиарейстер орындаумен айналысатын конкурсқа қатысушы авиакомпаниялар персоналының кәсіби және басқару біліктілігін.

авиабағыттар бойынша әуе тасымалдарына арналған тарифтердің ең төменгі деңгейін .

Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс

берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Конкурстық комиссия конкурстың қорытындысын конкурстық ұсыныстары бар конверт ашылған күнінен бастап, 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шығарады;

Осы Ереженің 13-тармағының тізбесіне сәйкес, бірақ оларды ресімдеуге қойылатын талаптар ескерілмей құжаттары ұсынылған қатысушы конкурс жеңімпазы деп таныла алмайды.

Ескерту. 22-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.22 N 80, 2004.01.07 N 12 Қаулыларымен.

23. Комиссия мәжілісінің соңғы күнінде комиссия мүшелерінің және конкурсқа қатысушылардың қатысуымен комиссия төрағасы жеңімпаз (жеңімпаздар) қатысушыны атайды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен.

23-1. Конкурстық комиссия конкурс жеңімпазы анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, оған төраға және отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) хаттаманың мәтінін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

2) конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген мәліметтері бар конкурсқа қатысушының жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оған конкурс қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін қайтарымсыз негізде ұсынады.

Конкурс қорытындылары туралы хаттамадағы және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған мәліметтер ақы алмастан барлық мүдделі тұлғалар танысу үшін қол жетімді болуы тиіс.

Ескерту. Ереже 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.

24. Конкурс жеңімпазының (жеңімпаздарының) және уәкілетті органның арасында он күн мерзімде келісім жасалады, ол бойынша конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) конкурстық ұсыныстарды орындау жөнінде өзіне міндеттемелер алады. Конкурс жеңімпазы уәкілетті органмен келісім жасаудан бас тартқан кезде, конкурстық комиссия конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық ұсынысы жақсы бағаланған қатысушымен келісім жасасу жөнінде келіссөзді бастайды.

Конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық ұсыныстары жақсы деп танылған конкурсқа қатысушы уәкілетті органмен келісім жасаудан бас тартқан жағдайда, конкурстық комиссия конкурс өткізілмеді деп таниды.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

25. Өтінімдерді қарау нәтижесімен келіспеген жағдайда, конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) жарияланған сәттен бастап 14 жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылар азаматтардың арыздарын қарау тәртібі туралы заңнамаға сәйкес шағым беруге құқығы бар .

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12, 2010.02.02 № 61 Қаулыларымен .

25-1. Егер конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеді деп таныса, бұрын өткізілген конкурс кезінде конкурстық комиссия біліктілік талаптарына сай келетін немесе осы Ереженің 13-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған екеуден аз конкурсқа қатысушылардың өтінімдері ұсынылған авиабағыттарға қайта конкурс өткізу туралы жариялайды. Қайталама конкурс кезінде, егер бір авиабағыт (авиабағыттар пакеті) бойынша біліктілік талаптарына сай келетін және осы Ереженің 13-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған конкурсқа қатысушылардың екеуден аз өтініші берілсе, конкурстық комиссияның шешімі бойынша конкурс өткізілді деп танылады. Қайтадан конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссия авиабағыттар пакетін өзгертуі мүмкін, бірақ конкурсқа шығарылатын авиабағыттар тізбесі өзгермейді.

Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулыларымен.

6. Авиабағыттарға арналған куәлік берудің тәртібі

26. Авиабағыттарға арналған куәліктер конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) жарияланған күнінен бастап 5 күнтізбелік күннің ішінде конкурс жеңімпазына беріледі .

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен .

27. Авиабағытқа арналған куәлік тасымалдау түрлерін, аптадағы авиабағыттың ұшу жиілігі және көрсетілген куәліктің күші болатын мерзімі көрсетіліп, бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге беріледі, есепке алу сериялары мен нөмірлері болады және қатаң есеп беру құжаты болып табылады. Авиабағытқа арналған куәліктің нысаны осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес

б е л г і л е н е д і .

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.

7. Авибағыттарға арналған куәліктерді қайтарып алу және олардың қолданылуын тоқтата тұру

28. Авибағыттарға арналған куәліктерді уәкілетті орган: осы Ішкі тұрақты рейстер үшін ереженің 11-тармағында және осы Халықаралық тұрақты рейстер үшін ереженің 12-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына авиакомпанияның сай келмеуі туындаған; авиакомпания конкурс бойынша қабылданған міндеттемелер туралы келісімді б ұ з ғ а н ;

конкурстық құжаттамада күмәнді ақпарат анықталған жағдайларда қайтарып а л а а л а д ы .

29. Авибағыттарға арналған куәлік қайтарып алынған кезде уәкілетті орган а в и а к о м п а н и я ғ а :

халықаралық авиациялық бағыттар үшін - жоспарлаған күнге дейін 45 кү н т і з б е л і к кү н б ұ р ы н ;

ішкі авиациялық бағыттар үшін - жоспарлаған күнге дейін 15 күнтізбелік күн б ұ р ы н х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қ а у л ы с ы м е н .

30. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.

31. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.02.02 № 61 Қаулысымен.

32. Авиакомпания куәліктің қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

33. Заңды тұлғаны (ол құқықтық мұрагер болып табылған жағдайда) қайта тіркеу кезінде еркін нысанда жазылған өтініш және осы Ереженің 13-тармағының 2) - 6) және 8) - 10) тармақшаларында көзделген құжаттар берілген жағдайда, авиабағыттар куәліктерін уәкілетті орган бір ай мерзімде қайта р е с і м д е у і т и і с .

34. Халықтың үздіксіз авиация қатынасына сұранысын қанағаттандыру үшін: куәландырылмаған авиабағыттарға конкурсты әзірлеу және өткізу кезеңінде; ықтимал қатысушылардың болмауына байланысты конкурс өткізу мүмкін болмаған жағдайларда уәкілетті орган авиабағыттағы тұрақты ұшудың кестесін осы Ереженің біліктілік талаптарына сай және осы авиабағытта тұрақты ұшу кестесінің жобасын ұсынған авиакомпанияларға уақытша (6 айдан аспайтын мерзімге) б е к і т у г е қ ұ қ ы л ы .

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.07 N 12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 3 сәуірдегі

N 401 қаулысымен бекітілген

Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк

және почтаны тасымалдау

жөнінде қызмет көрсету үшін

авиабағыттарға конкурс

өткізу және куәліктер беру

е р е ж е с і

1-ҚОСЫМША

ӨТІНІШ

(тасымалдау объектілері тасымалдау мақсатында көрсетіледі)

(Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ХӘЖ) аумағында
авиабағыты бойынша
(авиабағыттың атауы)

тұрақты авиарейстер орындау құқығына арналған конкурсқа қатысуға жіберуіңізді өтінемін.

Ұйым туралы мәліметтер:

1 . М е н ш і к н ы с а н ы

2 . Қ ұ р ы л у ж ы л ы

3. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік

(нөмірі, кім және қашан берген)

4. Банктік деректемелері

(есепшот N, коресеп шоттар, МФО, банктің атауы мен орналасқан орны)

5. Заңды мекен-жайы және басқа да деректемелері

(почталық мекен-жайы, телефон, телефакс, телекс,

телетайп, телеграфтық және телефондық шақыру белгілері, ИКАО, ИАТА,
СИТА, АФТН кодтары)

6. _____
(кәсіпорын бірінші басшысының тегі, аты-жөні)

7. Қоса беріліп отырған құжаттар

Кәсіпорын басшысы: тегі, аты-жөні, қолы, күні.

Өтініш 2002 жылғы "___" _____ карауға қабылданды.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 3 сәуірдегі

№ 401 қаулысымен бекітілген

Жолаушылар, теңдеме жүк, жүк

және почтаны тасымалдау

жөнінде қызмет көрсету үшін

авиабағыттарға конкурс

өткізу және куәліктер беру

ережесі

2-ҚОСЫМША

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕЛТАҢБАСЫ
АВИАБАҒЫТҚА АРНАЛҒАН КУӘЛІК _____**

(заңды тұлғаның толық атауы) _____

_____ тасымалдау мақсатында
(тасымалдау объектілері көрсетіледі)

_____ авиабағыты бойынша
(авиабағыт атауы) _____

(аптасына ұшудың рұқсат етілген жиіліктер саны)

тұрақты авиарейстерді орындау құқығына берілді.

Авиабағытқа арналған куәлікті берген орган _____

(куәлікті берген органның толық атауы)

Басшы _____

(куәлікті берген орган басшысының тегі, аты-жөні) _____

Куәліктің берілген күні 2002 жылғы " _____ " _____
Куәліктің нөмірі _____ N _____
_____ қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК